

Х. ДОСМҰХАМЕДУЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

XX ғ. басында қазақ әдеби тілінің жетіліп, сөз мәдениеті деңгейінің көтерілуіне ғалым Х.Досмұхамедұлы сүбелі үлес қосты.

Ғалымның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» (1923), «Жат сөздер туралы» (1926) т.б. мақалалары мен 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөздері т.б. ғылым салалары бойынша жазған еңбектері оның тіл білімін терең игерген лингвист-ғалым тұлғасын айқын танытады. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» туралы зерттеуінде: «Мәдениеттің негізі — білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болатындығын» айта келе, Х.Досмұхамедұлы мәдениетке ұмтылған халықтың тілінде жаңа заман талабына сәйкес жаңа ұғымдарды бермейтін сөздердің дені шеттен кірген сөздер болып келетіндігіне назар аударады. Зерттеуші XX ғ. бас кезіндегі қазақ-

тың әдебиетінде (әдеби тілінде) шеттен кірген сөздердің тым көбейіп кеткендігін: «төңкерістен соңғы шыққан журнал-гәзеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес. Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды», — деп, тіл талғамының, тіл тазалығының, жалпы тіл мәдениетінің төмендеп бара жатқандығын көкейтесті проблема ретінде қарастыра отырып, бұл мәселені шешудің негізгі жолдарының бірі, «топан суындай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салып сингармонизм түркі тілдерінің айрықша өзіне (тән) біткен қасиеті» екендігін айтады және «бұл заң

(А.Байтұрсыновтың) «Тіл құралынан» белгілі», — дейді. Ғалым жат сөздер деп өз кезеңіндегі қазақ тілі лексикасына енген араб, парсы сөздері мен орыс тілі арқылы еніп жатқан еуропа тілдерінің сөздері туралы айтып отыр. Жат сөздерді автор екі тұрғыдан қарастырады. Бірінші, көптеген сөздердің қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес түрлі фонетикалық, тұлғалық өзгерістерге түсу нәтижесінде «Қазақ —қырғыз сөзі деп айтуға тура келетіндігін» араб-парсыдан енген: *дәулет, есеп, несібе, серт, әсет* т.б. орыс тілінен енген: *самауар* (самаурын) *шопыр, гәбрөшке, жәшенке, лампы, корныс* секілді сөздерде сингармонизм анық байқалатындығын айтады.

Осылармен қатар: «*суаз, переботшик, шөтшик, несір, үшетіл, мұжық* секілді сөздердің көбін орынды ма, орынсыз ба тексермей, ел ішіне ықтиярсыз біздің оқығандар, әсіресе тілмаштар кіргізетіндігіне» бір қынжылса, «молдалар қазақ арасына араб, парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады, ана тілін бұзып, ноғайшылап, сартшылап сөйлеуді, жазуды шығарды. «*Хұрметлу гизатлу қадырменде зияда көргуші ағамызға көп-көп саламлар бағыдунда біз тарафтан хал-ахуал сұраңыз алхамдилла сағ саламат тұрадырмыз*» секілді әдебиет тілі болған шатақ тіл пайда болды. Бұл тілді күні кешеге дейін молдалардан басқа да ел ішіндегі сөз жазған кісілердің бәрі қолданып жүрді. Хүкімет тілі де осындай болды», — деп екі қынжылады. Алайда, ғалым «шатақ» тілдің қазақ тіліне тигізген әсері басқа көрші түркі тілдеріне қарағанда әлсіздеу болып, тіліміздің таза болуының себептерін былайша тұжырымдайды: «1) көшпелі салтымыз; 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті; 3) Ыбырай Алтынсарыұлы һәм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиет тіліне жол салған оқымысты жігіттеріміз». Зерттеуші тілдің біріншіден, «өз сөзінен сөз тудырып», екіншіден, «жат сөздерді кіргізіп баюы» қажет деген жолдарын көрсете келе, оның интралингвистикалық фактор негізінде болуын құптайды және бұл процесте тілдің тазалығына, тілдік талғамның бірінші кезекте ескерілуі қажеттігіне назар аударады. «Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейтіндігін» айтады. Тілді көркейтп, байытудағы «әдебиет тілінің қаруы — баспа мен мектептің» қызметі айрықша екендігін көрсетеді. Кейбір жазушылардың жазу мәдениетіне

(сауатты жазу, емле ережелерін қатаң сақтауы т.б.) салғырт қарайтындығын сын тезіне алады: «Біздің кейбір жазушыларымыз «да» менен «де»-нің қай орында қалай қойылатынын шатастыра береді», — деп баспа беттерінде де осындай жазу нормаларының орынсыз бұзылатынын, сақталмайтындығын айтады. Мәселен, М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағына жазған «Бастырушыдан» деген кіріспе сөзінде Б.Күлеевтің: «Өлеңдердің қолжазбасында көпшіліктің сөйлеп жүрген тіліне мелеге дұрыс келмейтін кейбір сөздер жергілікті түрде жазылғандары бар еді... өлеңнің ұйқастарын бұзатын орындарда һәм дүдәмал естілетін орындарда түзетуге тәуекелім жетпеді», — деген пікіріне ғалым: «Бернияздың түзетуі дұрыс-ақ, бірақ түзетуді аяқтамағаны сингармонизм заңымен таныс болмағандығы», — деп, әдеби тіл нормаларын сақтауда, оны қалыптастыруда жергілікті тіл ерекшеліктерін, сөйленісті (говорларды) араластырмау қажет екендігін, тіл тазалығы, жазу мәдениеті өз деңгейінде болуын, сондай-ақ «тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту—ақындардың мойындарына артылған зор борыш», — екендігін орынды ескертеді.

Сингармонизм заңының тілімізді үйренуде, үйретудегі маңыздылығын талдай келе: «Сингармонизм заңы—жалғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы, тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы», — деп тұжырымдайды. Х.Досмұхамедұлының аталған еңбегі жөнінде лингвист ғалымдар: «тілдегі сингармонизм құбылысын зерттеуде ХХ ғ. ширегінде бұған теңдесер жұмыс болған емес», — деп бағалайды. (В.А.Загинцев. М., 1964).

Ғалымның «Жат сөздер туралы» мақаласы алдыңғы мақаламен мазмұны үндес, Нәзір Төрөқұловтың кітабында айтылған жат сөздерге байланысты пікірлерді ой елегінен өткізіп, талдау жасайды. ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі әдеби тілдегі нормасыздықтың тың белең алуын, сөздердің айтылуында, жазылуында бірізділіктің сақталмауы, әсіресе, шет тілдерінен енген сол кезеңде «жат сөздер» деген терминмен аталған кірме сөздерді қабылдаудағы, қолданудағы білгілі бір ережелердің тұрақсыздығы — жалпы қазақ тілінің тазалығына кері әсері тиіп жатқандығын өткір проблема ретінде алға тартады. Н.Төрөқұловтың кітабынан ғалым өз таным-тұжырымдарымен үндес келетін тіл мәселесінің өткір тұстарын арнайы дәйектеме (цитата) ретінде алып, оған өз пікірін білдіріп отырады. «Қазақ тілінде шыққан

өдебиетті қарасаң, тура жазылған бір кітап, бір журнал, бір гәзет жоқ. Біреу йануар, біреу ғинуар, біреу қазыр, біреу әзір...деп жазады. Мұндай мысалдар толып жатыр. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс — ойланған жан жоқ». Сондай-ақ мына секілді ойларына тоқталады: «Біздің тілегіміз — жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу. .. Екінші, тілдің келесіде баюына жол тазалау», «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тұмағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін». Н.Төрәқұловтың қазақ тіліне дыбыстық, тұлғалық өзгерістерге түсіп, «қазақшаланған» араб, парсы сөздерін «елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған» үлгісін алу керектігі жөніндегі пікірлеріне ден қояды, оның қазақ тілінде жоқ араб, парсы дыбыстарының кірме сөздерде қалай өзгеруін қарастыра келе, ол сөздің өзгеру заңдылықтарын, мысалы: «**й** қазақшада сөз басында келсе **ж** болып, басқа жерде өзгермей жүреді, **h** қазақшада көбінесе жоғалып кетеді. ...» т.б. дегендерін құптай отырып, араб таңбаларының қазақ тілінде қалай өзгеретіндігі жөнінде көрсеткен жолдарының кейбір тұстарын өлі де жете қарастыру қажеттігін айтады. Кітап авторының: «Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз Еуропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды... Мәселенің тамыры қазақ тілінде, мәселенің ең қиын жері де қазақ тілінің қисынын табу. Жат сөздердің тексерілуі қазақ тілінің қисынын табуға жәрдем береді. Жат сөздер бұл іске үлкен пайда беретін материал», — деген пікірлерін мақұлдай отырып, ғалым орыс тілінен немесе ол арқылы енген еуропа тілдерінің сөздерін мынандай екі принцип тұрғысынан қарастыру керектігін ұсынады: «Бірі — қазақ тілінің жалпы қисынына келтіру, жалғыз-ақ таңба ауыстырумен қанағаттанбай, сол сөздің түбін, затын тексеріп барып өзгерту.

Екінші сөздің жеңілірек, өдемірек айтылатын (ын) да ойлау». 1924 жылғы білім иелерінің съезінде сөздің ішінде бас буыннан басқа жерде «у» жазылмасын, «ы» жазылсын деген ережеге сүйене отырып, Н.Төрәқұловтың *үшүн, қабул, бұрұн, ұсұнұт* — деп, сөздерді дыбысталуы, айтылуы бойынша жазуын қуаттамайды, заң үйрету-шінің өзі алдымен заңға бағынуы керектігін айта отырып, Н.Төрәқұловтың: «Білім ордасы Ауропа терминдеріне араб-парсқа қарағанда кеңірек жол ашсын», — дегеніне қарсы еместігін, алайда: «сақал бояудың керегі» жоқтығын,

«тарик» деген сөздің орнына Нәзір «историе» деген сөзді алалық дейді, «Историе оқытушыны истәрік деу жеп-жеңіл» дейді; «Историе» мен «пизикені» алсақ, «истәрік» бен «пизикті» алуға болмайтындығын, бұған қоса, «ыстан, кер, пазды», көтере алмай отырғанда «ик» ті мойнымызға мінгізіп не қыламыз. Жаңа да сіңіп кеткен «тариқтың» басын ауыртып не керек», — деп орынды сын тезіне алған.

Ғалым мақаласын Н.Төрәқұловтың: «Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тілінді бұрап жүргенде өз тіліңнен айырылып қаларсың», — деген ойын: «Нәзірдің осы бір сөзі әрбір қара танитын қазақтың есінде болуы керек. Әсіресе жазушылар, ақындар, білім иелері жаттап алуы керек», — деп түйіндей келе, «Нәзірдің осы кітабы — қазақ әдебиетіне артықша олжа. Бұл кітап әрбір жазушының, тіл тексерушінің, газет-журнал шығарушының, оқытушының қолында болуы керектігіне», — баса назар аударады.

Ғалымның мақала соңында: «кітаптың басылуы да жақсы, қатасы жоқ», — деп көрсетуіне қарағанда оның басқа сол кезеңдердегі басылымдарға (кітап, газет-журнал т.б.) қарағанда сауатты, жазу ережелерінің сақталғандығы, жалпы жазу мәдениеті өз деңгейіндегі еңбек екендігіне баса назар аударып отырғандығын танытады.

Х.Досмұхамедұлы зоологияға арналған «Жануарлар» (1929) еңбегінде қазақ тілінде А.Байтұрсыновтың «Тіл құралынан» басқа ешбір ғылым жөнінде жазылған кітаптардың болмағандығын айта отырып: «Қазақ тілі — ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым ретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі — ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қылып аудару», — керектігін және мұның өзі сол кезең үшін өте зәру қажеттілік болып отырғандығын айтады. Бұл ойын ғалым бұдан бұрын да 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөздерінде: «Пән сөздер (терминдер) әуелі тиісті кемесінен сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс. Ол пән сөздер сонан соң ғана барып білім кеңесінің қарауына түсіп, бекіліп шығуға тиіс», — деген орынды ұсыныстарын жасаған. Х.Досмұхамедұлының лингвист ғалым ретіндегі тағы бір байқалатын қыры оның көсемсөздігі. Мысалы, ғалым мақалаларында белгілі бір ойды

тұжырымдап, түйіндеп беруде әрі қысқа, әрі нұсқа мына сияқты, қанатты нақыл сөздерге жуық келетін қолданыстары назар аудартады:

Мәдениетінің негізі—білім; Әдебиет тілінің қаруы—баспа мен мектеп; Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл — сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл—күйініш т.б. ой-тұжырымдары оның азаматтық, ғалымдық, ағартушылық жеке тұлғасының ерекшелігін танытатын, әдеби тілдің да-

муына, оның тіл мәдениеті деңгейінің өсуіне еткен ықпалын, өз кезеңі үшін де, бүгінгі жаңа заман талаптары тұрғысынан да өз маңыздылығын жоймаған құнды пікірлер болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТ

1. Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Звегинцев В.А. История языкознания XIX–XX веков в очерках и извлечениях. Хрестоматия. М., 1964. Ч. 1.